

**АДЫРНА ЖӘНЕ КУНХОУ: ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ КӨШПЕЛІЛЕР
МЕН ҚЫТАЙ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ КУӘСІ**

Біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта, яғни археология ғылымында ерте темір дәуірі деп аталатын кезеңде Еуразияның ұланғайыр далаларында мекен еткен көшпелі халықтар тұтас адамзат өркениетінің дамуына ұлы үлес қосты. Көшпелілер өркениетінің кең өріс алып, етек жайғаны соншалық, ол Еуразия төңірегіндегі бірсыпыра отырықшы өркениеттерге (шығыста – Қытай, Жапон, Корей, оңтүстікте – Иран, Үндістан, батыста – Грек-Рим және т.б.) күшті ықпал жасап, оларды мейлінше байытты. Бұл тұрғыдан көшпелілердің жылқыны адамзат тарихында бірінші болып қолға үйретуін (Ботай мәдениетінің мысалында), дөңгелекті тапқырлауын, екі доңғалақты арба жасау мен оны пайдалануын, атқа салт мінуді, соған сәйкес көшпелі малшаруашылығын жолға қоюы, металл қорытудың кейбір озық техникаларын игеруін (қола, жез, темір, алтын, сынап, мырыш, қалайы т.б.), атты арбаға жегуді және салт атқа мініп садақ тартуды, сондай-ақ осынау өндіріс пен соғыс өнеріне ыңғайлы киінуді (етік, шалбар, қайырма жағалы тон, күлапара, желбегей, жеңсе мен биалай және түрлі бас киім т.б.), рухани мәдениет жағынан эпос және музыкалық шығармашылығын атап атар едік. Дәл осы кезеңде еуразиялық көшпелілер әлемдегі ірі отырықшы өркениеттерді бір-бірімен таныстырды, табыстырды. Олар отырықшы өркениет әлемімен қоян-қолтық араласты, оларға мәдениет пен өркениет жағынан көп нәрсе берді, сондай-ақ өздері де олардан көп дүние үйренді. Сондай жедел-ғабыл тарихи аралас-құраластықтың арқасында бір-біріне жұғысты болған аса маңызды мәдени құндылықтардың бірі–еуразиядағы көшпелі халықтардың музыкалық мұрасы және көне музыкалық аспаптары.

Көптеген әйгілі өнертанушылардың пікірінше, Еуразия көшпелілерінің музыкалық мұрасы өте бай, бұл олардың музыкалық саз аспаптарының көнелігі, көп түрлілігі, музыкалық жанрының байлығы және оның эпикалық сарында болып келуі сынды ерекшеліктерімен дараланады.

Бірсыпыра көшпелі халықтарда, әсіресе қазақ халқының музыкалық мәдениетінде күні бүгінге дейін жақсы сақталып келе жатқан көне саз аспаптарының бір – *адырна*. “Қазақстан: Ұлттық энциклопедиясында”: “Адырна – қазақтың көп ішекті шертпелі саз аспабы. Аспаптың шанағы қуыс, беті көн терімен қапталады. Б.з.б. аңшылар ұстанған көне аспап саналады. Оның көне үлгісі әуелде садақ тәріздес болған. Кейін бұғы, марал, киік, бөкен тәрізді аңдарға ұқсатылып жасап, мүйіз бен құйрықтың екі арасына ішектер тартып ойнаған. Адырнаны тізенің үстіне қойып, басын иыққа тіреп, ішектерін іліп тартып, кейде шертіп ойнайды. Адырнаның ішегі шуда жіптен немесе тарамыстан тағылады, аспаптың тұрқы 48-50 см., қалыңдығы 8-10 см. келеді, 7-ден 13-ке дейін ішектер тағылады” – деп жазылған (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – I том. – Алматы, 1998. – 103 б.). Адырна саз аспабын қазақтар садақ тәрізді жасап, шанағын марал, таутеке, бөкен, бұғы, өгіз және т.б. жануарларға ұқсатып жасайтын болған. Адырнаны қазір Ықылас атындағы қазақ саз аспаптары мұражайынан көруге болады. Сондай-ақ адырна аспабы елімізде бірсыпыра этно-фольклорлық музыкалық ансамблдерде негізгі аспап ретінде қолданылады. Сондай-ақ бұл аспап Қытай мен Моңғолия қазақтары арасында осы күнге дейін сақталған. Елімізде көптен бері “Адырна” деп аталатын көне аспаптар ансамблі күні бүгінге шейін жұмыс істеп келеді.

Адырнаны елімізде көпшілік ғылыми қауым аңыз бойынша ежелгі түркілер мен қыпшақтарда әйгілі болған деп танытын көрінеді. Адырна көне саз аспабы ретінде қазақ арасында күні бүгінге дейін сақталып жетуі бізге ежелгі Еуразия көшпелілерінің мәдениет тарихы мен Ұлы жібек жолындағы көне мәдени байланыстар тарихынан көп нәрсені аңғартқандай.

Шындап келгенде, адырна саз аспабының тарихы тым тереңде жағыр. Себебі, Қазақстанмен іргелес көрші жатқан Шыңжаң жеріндегі соңғы жылдардағы ежелгі көшпелілер археологиясындағы тыңынан ашылған ғаламат мәдени олжалар осындай ғылыми тұжырым жасауға дәйекті ғылыми айғақтар болып отыр.

1996 жылы ҚХР-ның Шыңжаң мұражайының археологтары Шыңжаңның Байыңголин облысы Чершен ауданындағы Зағұлұқ I және Зағұлұқ II қорымдарын қазған кезде бүлінбей, шірімей жақсы сақталған ағаштан жасалған құрылымы мен пішіні адырнадан аумайтын үш дана көне саз аспабын тапты. Ескерткіштердің ғылыми сараптама арқылы анықталған мерзімі б.з.д. VII-V ғасырлар [1] (сурет-1). 2003 жылы Шыңжаң Археология институтының экспедициясы Тұрфан аймағындағы ерте темір дәуірінің Субашы мәдениетіне тән Янхай I және Янхай II қорымынан ресми археологиялық қазба кезінде №90 және № 263 моладан өте жақсы сақталған екі дана ағаш саз аспабын тапты, ескерткіштердің көміртегі 14 сараптамасы арқылы анықталған жасы 2475±30 жыл, яғни б.з.д. V ғасыр [2] (сурет-2).) Сондай-ақ 1993 жылы ҚХР СУАР Қоғам қауіпсіздігін қорғау мекемесі Тұрфан аймағындағы көне обаларды тонаушылардың қолынан қолға түсірген көне жәдігерлер арасынан дәл осындай бір дана ағаштан жасалған көне саз аспабы кездескен.

Шындығында, аталған көне ағаш саз аспабының Еуразия даласындағы алғашқы археологиялық заттай айғағы тұңғыш рет қазіргі Ресейге қарасты Таулы Алтай жерінде тіркелген еді. 1947 жылы әйгілі археолог Сергей Руденко Пазырық II обасын қазған кезде жоғарыдағы аспапқа ұқсас ағаштан жасалған, әрі едәуір жақсы сақталған бір көне саз аспабын тапты. Аталған обаның ғылыми әдіспен анықталған абсолютты мерзімі б.з.д. 390 жыл, яғни б.з.д. V-VI ғасырлардың өларасы [3] (сурет-3). Жоғарыдағы Янхай қорымынан табылған саз аспаптарының шанағы, мойны және ұзын құлағы түгел дерлік тораңғы ағашынан тұтастай ойылып жасалған, арасында ең жақсы сақталған біреуінің ұзындығы 60 см. келеді, шанағы ұзын сопақша болып, беті қойдың көн терісімен қапталған, түп жағында дыбыс шығаратын дөңгелек тесігі бар. Аспап шанағының ортасына ұзынынан жіңішке жыңғыл таяқша орнатылып, оған бес жерден тиек қойылған, оған қойдың ішегінен жасалған бес тал ішек тағылып, олар аспаптың ұзын құлағына қарай тартылып байланатын болған, өйткені аспаптың құлағында да бес жерден ішек байлайтын керткінің ізі тұр, аспап табылған кезде тек бір ғана ішегі сақталған. Янхайдан және Зағұлұқтан табылған бұл алты ағаш саз аспабы құрылымы, тұрқы, пішіні, материалы жағынан негізінен бірдей, ұқсас, тек жасалу технологиясы мен өңделуінде ғана

аздап айырмашылық бар, сондай-ақ жаңғыртылып қалпына келтірілген пазырықтық саз аспабы мен оның Башадардан табылған жұрнағы да аздаған өзгешеліктерін есептегенде зағұнлұқ және янхайлық саз аспаптарымен өте ұқсастығы айқын аңғарылады [4].

Ежелгі қытай жазба деректемелерінде дәл осы адырна тұрпатты көне саз аспабы *кунхоу* деп аталған. Бұл аспап ең алғаш Орталық Қытай жеріне Шығыс Хань әулеті (б.з. 25-б.з.220 жж.) заманында көшпелілер, атап айтқанда ғұндар арқылы таралып, тұңғыш рет жылнамаларда хатқа түскен. Ол туралы Қытайдың ресми әулеттік “Хоу Ханьшу. Усин чжи” (“Соңғы Ханьнама.Бес элемент сыйпаты”) атты тарихи жылнамасында: “Ху кунхоу” (*Ғұндардың кунхоуы-С.С.*) деген дерек кездеседі, тағы да сол еңбекте: “Патша Линди ғұндардың киіміне (ху фу), шатырына (ху чжан), ғұндардың кереуетіне (ху чуан), орындығына (хуцзо), ас-суына (хуфань), ғұндардың кунхоуына (ху кунхоу), сыбызғысына (ху ди), ғұндардың биіне (ху у) әуес болды, астанадағы аксүйек дегдар жандардың бәрі де соған еліктеді, бұл салттар таңғажайып еді” деп жазылған. Сондай-ақ “Тундянь” атты орта ғасырлық қытай энциклопедиясында: “Тік кунхоу хулардың (ғұндар немесе көшпелілер – С.С.) саз аспабы, Хань патшасы Линди оған әуес болған, оның тұрқы ұзын, әрі имек болып келеді, 22 тал ішегі бар, аспапты алдыға алып алып, екі қолмен шертіп ойнайды...” деп түсіндірілген [5]. Латышев.В.В. деген ғалым былай деп жазады: “Көшпелі скифтер жеңістен оралған соң, жайбарақат отырған шақта садағының адырнасын шертіп отыруды әуес көрген екен”.


Көптеген өнер тарихын зерттеуші ғалымдар осынау (*адырна тұрпатты-С.С.*) саз аспабының түп төркіні ең алғаш ежелгі Месопотамия жерінде пайда болғанын, оның ең айқын дәйекті дәлелі ретінде қазіргі Бағдаттың маңындағы ежелгі Сумер-Аккад заманындағы Ур I патша әулетінің (б.з.д. XXVII-XXVI ғғ.) моласынан табылған саз аспабын, оның өзі сыйырдың басы мүсінделе отырып, алтынмен апталып жасалған саз аспабы екенін алға тарта отырып болжам жасайды. Ал Ассирияда б.з.д. екінші мыңжылдықтың басында осындай саз аспабы қолданыста болғанын, ол “*канк*” (Cank), “*чанк*, (Ġank) деп аталғанын, ол ежелгі Египеттің көне саз аспабы *харпке* (Harp) өте ұқсас екендігін алға тартады [6] (сурет-4). Ассирия империясы құлаған соң, оның орнына Персия империясы келіп, тұтас Батыс Азия мен Орталық Азияға билік құрып (б.з.д.VI ғғ.), бірсыпыра өркениеттерді табыстырды. Сол қатарда халықтардың музыкалық мәдениеті де тоғысты. Біз сөз етіп отырған көне саз аспабы (*адырна тұрпатты – С.С.*) Персия империясы аумағына таралып, пішіні аздап өзгеріске ұшырағанына қарамастан, көне парсы және соғды тілдерінде *Cank* және *cngru* немесе *cangarya* деп аталған. (7) Дәл осы тұрпатты көне саз аспабы ежелгі Грекияда да болған, оған 5-25 ішек тағылатын көрінеді.(8)

Кейбір зерттеушілер осы Адырна типтес саз аспабы көне Қытайға парсы-соғды тілдеріндегі *Cank*, *cngru*, *cangarya* атауымен дыбыстық аударма бойынша қытайша *кун-хоу*, кейде *кан-хоу* аталған, осы аталған аспап Шығыс Түркістанда 14 ғасырларға дейін қолданылғаны туралы, ал Орталық Қытайда Мин династиясы (XIV-XV ғғ.) заманына дейін қолданыста болғаны туралы деректерді алға тартады. Әрине аспаптың формасы мен ішек санында аздап өзгерістер болған. Алайда сол пікірді алға қойған зерттеушілер (Исрафил Юсуф, Ануэр Қасым) аталған көне саз аспабын қырғыздың қос ішікті, кейде үш ішекті шертпелі комуз аспабына ұқсатады, сонымен бірге оны қазақ домбырасы мен ұйғур дутарына да келіңкірейді деген пікір айтады.(9) Әрине, аталған зерттеушілердің соңғы бұл пікірлермен келісу қыйын.

1. Шұар мұражайы: “Синьцзян Цемо сянь Чжахуньлукэ I хао муди” (Шынжаңның Чершен ауданындағы Зағұнлұқ I қорымы) // Синьцзян вэнь-у. – 1998. – №4; “Синьцзян Цемо сянь Чжахуньлукэ II хао муди фацзюэ цзяньбао” (Шынжаңның Чершен ауданындағы Зағұнлұқ II қорымындағы қазба жұмыстардан қысқаша есеп) // Синьцзян вэнь-у. – 2002. – №1.
2. ШҰАР Археология институты және т.б.: “Шаньшань сянь Янхай I хао муди фацзюэ цзяньбао” (Шаньшань ауданындағы Янхай I қорымындағы қазба жұмыстардан есеп) // Синьцзян вэнь-у. – 2004. – №1. – 21 б.; “Шаньшань сянь Янхай II хао муди фацзюэ цзяньбао” (Шаньшань ауданындағы Янхай II қорымындағы қазба жұмыстардан есеп) // Синьцзян вэнь-у. – 2004. – №1. – 45б.
3. Монгайт А.Л. “Советская археология”. – М., 1963. –№5);Bo Lawergren, The Ancient Harp from Pazyryk, Beitrage zur Allgemeinen und vergleichenden archaologie, Band 9-10, 1990.
4. Тулуфаньцзюэ яньцзю (Тұрфанологиялық зерттеулер). – Шаньхай, 2006. – 307 б.; Чжунго да байкэ цюаньшу. Иньюэцзуань (Қытайдың толық энциклопедиясы. Музыка бөлімі). – Пекин, 1989. – 348 б.
5. Чжоу Цинбао. Сычжоучжилудэ иньиюэ вэньхуа (Ұлы жібек жолының музыкалық мәдениеті). –Үрімші, 1987. – 26, 61 бб.; Чжунго да байкэ цюаньшу. Каогуцзуань (Қытайдың толық энциклопедиясы. Археология
6. Gharib B. Sogdian Dictionary, Farhangan Publication,1995. – P.127.
7. Китайско-русский словарь. – Пекин, 1992. – С.516.
8. Исрафил Юсуф, Ануэр Қасым. Гулаодэ юэци-кунхоу// Сиюй яньцзю, Үрімші. – 2001. – №2. – 80-81 бб.



Сурет 1



Сурет 2



Сурет 3



Сурет 4




Загундук



Қытай адырнасы



Қытай адырнасы



Пазырық адырнасы

Ж.М. Сабитов, Н.Б. Баймуханов

ПОПУЛЯЦИОННАЯ ГЕНЕТИКА КАК ПРИКЛАДНАЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ ДИСЦИПЛИНА

В 60-е годы XX века лауреат двух Нобелевских премий Лайнус Полинг высказал идею, что скорость накопления мутаций в ДНК является постоянной, и ее можно использовать как своего рода молекулярные часы эволюционной истории, в том числе и для изучения событий эволюционной истории человека. Таким образом, сравнив два ДНК можно определить генетическое время расхождения этих двух ДНК. Данный метод стал использоваться в биологии для нахождения времени расхождения различных близких биологических видов. Тогда ученые начали изучать с помощью этого метода человеческие популяции.

Всего можно выделить три вида ДНК-тестов:

1. Тест Y-хромосомы (учитывает только прямую мужскую линию).

2. Аутоматный тест (учитывает все линии). Данный тест не информативен для историков, так как гены могут быть с любой линии и несут случайный характер («волосы от мамы», «нос от отца», «цвет кожи от бабушки по материнской линии»).

3. Тест по митохондриальной ДНК (учитывает только прямую женскую линию). Данный вид теста также не информативен для историков, так как родство по материнской линии (имени прабабушки по матери могут уже не помнить, но жети ата могут знать наизусть) очень мало кого интересует и мало кем отслеживается исторически.

Хромосомный набор человека состоит из 23 пар хромосом, из которых 22 пары – «обычные» хромосомы, или аутосомы, и одна пара – половые, определяющие принадлежность к женскому или мужскому полу. У женщин они представлены парой одинаковых X-хромосом, а у мужчин – одной X- и одной Y-хромосомой, от наличия или отсутствия которой зависит, будет ребенок мальчиком или девочкой. При зачатии будущий ребенок наследует половину своих хромосом от отца, а половину – от матери; что касается половых хромосом, то от матери могут наследоваться только X, а от отца – либо X, либо Y. Таким образом и происходит определение пола ребенка [2, с. 49].

Наиболее интересными для историков представляются исследования по Y-хромосоме.

Здесь можно процитировать известного популяционного генетика с мировым именем Льва Анатольевича Животовского:

«Y-хромосома – самая маленькая и самая неинформативная в человеческом геноме, она содержит всего около 80 генов. Другие хромосомы намного больше – в среднем каждая из них несет около 1.5 тыс. генов. Y-хромосома не только мала, но еще и узко специализирована – почти все ее гены ответственны за чисто мужские признаки. Долгое